

Меркі ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 3 маусымдағы № 160 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2025 жылғы 4 маусымда № 5284-08 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы, 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Меркі ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меркі ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. Меркі ауданы әкімдігінің "Меркі ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 158 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3104 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Меркі ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Жиенкулов

Меркі ауданы әкімшілігі

2025 жылғы 3 маусымдағы № 160

Аудан әкімінің

2025 жылғы ____ маусымдағы

№ ____ қаулысына қосымша

Меркі ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

	Н а қ т ы орналасқан стационарлық емес сауда				Жақын маңдағы инфрақұрылымд ы ескере отырып қызмет саласы (тауарлардың ұ қ с а с
--	---	--	--	--	--

№	объектілерін орналастырудың бекітілген орындары	Алып жатқан аланы, шаршы метр	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл	Қызмет саласы	ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1 1	Меркі ауылдық округі, Меркі ауылы, Ысмаилов көшесі №226 Б б а т ы с аумағында	500	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерін сату	"Меркі Орталық базары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты
2	Сарымолдаев ауылдық округі, Сарымолдаев ауылы, Ысмаилов көшесі №347 ғимаратының алды	50	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерін сату	"7Я" дүкені
3	Ақарал ауылдық округі, Ақарал ауылы, Асубай көшесі №77 Б "Сұлтан сарай" мейрамханасын ың алды	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерін сату	"Ынтымақ" дүкені

Маршрут сызбасы

1. Меркі ауылы, Ысмаилов көшесі №226 Б батыс аумағында



2. Сарымолдаев ауылы, Ысмаилов көшесі №347 ғимаратының алдында



3. Ақарал ауылы, Асубай көшесі №77 Б "Сұлтан сарай" мейрамханасының алдында

